

исх № 03/04
от 03.04.2025

Акционерное общество Центральный депозитарий ценных бумаг
АО "Казахстанская фондовая биржа"

Письмо уведомление

ТОО «Скулбас» в лице Генерального директора Ни Альберта Вячеславовича настоящим уведомляет о заключении Договора субсидирования ставки купонного вознаграждения по облигациям, выпущенным субъектами предпринимательства в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 года № 1 от 01.04.2025 г на следующих условиях между ТОО «Скулбас» и АО «Фонд развития предпринимательства «Даму»:

Наименование бумаг	Кол-во, шт	Цена, тг	Сумма, тг	Ставка % годовых
ISIN – KZ2P00013113	1 000 000	1 000	1 000 000 000	20,25

Прилагаем копию договора

ТОО «Скулбас»



Ни А.В

**2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде
кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін
субсидиялаудың шарты № 1**

Астана қ.

2025 жылғы «01» сәуір

Бұдан әрі «Қаржы агенттігі» деп аталатын «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Акционерлік қоғамының атынан 27.12.2024 жылғы № 251 Сенімхат негізінде әрекет ететін Астана қаласы бойынша аймақтық филиалының Директоры Назарюк Светлана Викторовна бір тараптан және

Бұдан әрі «эмитент» деп аталатын «Скулбас» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі атынан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген және өз қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға атынан, жарғы негізінде әрекет ететін бас директор Ни Альберт Вячеславович, екінші тараптан, бірлесіп «Тараптар», ал жекелей «Тарап» не жоғарыда көрсетілгендей аталатындар:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 728 қаулысымен бекітілген 2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі [ұлттық жобаға](#) (бұдан әрі - Ұлттық жоба);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылдың 31 желтоқсанындағы № 1060 [қаулысымен](#) бекітілген 2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі - Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары);

қаржы агенттігінің уәкілетті органы отырысының 2024 жылғы 13 желтоқсан № 219710 хаттамасына сәйкес осы 2021 - 2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде кәсіпкерлік субъектілері шығарған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау шартын (бұдан әрі - Шарт) жасасты.

1. Терминдер және анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) «Астана» халықаралық қаржы орталығы (бұдан әрі - АХҚО) - «Астана» халықаралық қаржы орталығы аумағының шекараларын айқындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 161 [Жарлығымен](#) айқындалған, дәл белгіленген шекарасы бар, қаржы саласындағы ерекше құқықтық режим қолданылатын Астана қаласының шегіндегі аумақ;

2) АХҚО қор биржасы - АХҚО-да қаржы құралдарының сауда-саттығын ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға;

3) АХҚО қор биржасының орталық депозитарийі - АХҚО-ның қолданыстағы құқығына сәйкес тіркелген, АХҚО-ның қаржылық көрсетілетін қызметтерді реттеу жөніндегі уәкілетті органы берген лицензия негізінде депозитарлық қызметті жүзеге асыратын жеке компания;

4) бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеу жөніндегі уәкілетті орган - бағалы қағаздар нарығын мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті орган;

5) «жасыл» жобалар - бекітілген сыныптама (таксономия) негізінде айқындалған жобалар, олар Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес бар табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, қоршаған ортаға теріс әсер ету деңгейін төмендетуге, энергия тиімділігін, энергия үнемдеуді арттыруға, климаттың өзгеру салдарларын жұмсартуға және климаттың өзгеруіне бейімделуге бағытталған;

6) «жасыл» облигация - Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кәсіпкерлік субъектілері шығаратын және қор биржасының ресми тізіміне енгізілген және (немесе) АХҚО актілеріне сәйкес шығарылған және «жасыл» жобаларды іске асыру мақсатында ақша қаражатын тарту үшін АХҚО қор биржасының тізіміне енгізілген, тіркелген кірісі бар борыштық құрал;

7) «жасыл» таксономия - Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасына сәйкес «жасыл» облигациялар және «жасыл» кредиттер арқылы қаржыландыруға жататын «жасыл» жобалардың сыныптамасы;

8) жоба - табыс алуға бағытталған және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін бастамашылық қызмет ретінде кәсіпкер жүзеге асыратын кәсіпкерлік қызметтің түрлі бағыттарындағы іс-қимылдар мен іс-шаралар жиынтығы;

9) купондық сыйақы мөлшерлемесі субсидияланатын облигациялар - эмитент шығарған және қаржы агенттігі купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялайтын, Қазақстан Республикасының аумағында қызметін жүзеге асыратын қор биржасының ресми бағалы қағаздар тізіміне енгізілген облигациялар, оның ішінде «жасыл» облигациялар, АХҚО актілеріне сәйкес эмитент шығарған және қаржы агенттігі купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды жүзеге асыратын АХҚО қор биржасының тізіміне енгізілген «жасыл» облигациялар;

10) купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау - эмитент купондық сыйақы мөлшерлемесі субсидияланатын облигацияларды ұстаушыға төлейтін шығыстарды ішінара өтеу үшін қолданылатын эмитенттерге мемлекеттік қаржылай қолдау көрсету нысаны;

11) қаржы агенттігінің уәкілетті органы -Қаржы агенттігінің жарғысында, Қаржы агенттігінің кредиттік саясатында берілген және қаржы агенттігінің ішкі құжаттарында бекітілген өкілеттіктер шегінде қызметін жүзеге асыратын, тұрақты түрде жұмыс істейтін алқалы орган;

12) қор биржасы - дауыс беретін акцияларының жалпы санының кемінде жиырма бес проценті Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіне тиесілі акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған осы сауда-саттықтарды ұйымдастырушының сауда-саттық жүйелерін пайдалана отырып, сауда-саттықтарды тікелей өткізу жолымен оларды ұйымдастырушылық және техникалық қамтамасыз ететін заңды тұлға;

13) листинг - бағалы қағаздарды қор биржасының және АХҚО қор биржасының ресми бағалы қағаздар тізімінің санатына және (немесе) секторына енгізу, оларды қосу және оларда болу үшін қор биржасының және/немесе АХҚО қор биржасының ішкі құжаттарында бағалы қағаздарға және олардың эмитенттеріне арнайы (листингтік) талаптар белгіленген;

14) облигация ұстаушылардың өкілі - осы облигациялар эмитентінің үлестес тұлғасы болып табылмайтын, облигациялар бойынша сыйақы төлеу және оларды өтеу, бағалы қағаздардың қайталама нарығында облигациялар айналысы процесінде эмитентпен жасасқан шарт негізінде купондық сыйақы мөлшерлемесі субсидияланатын облигациялар ұстаушылардың мүддесінде әрекет ететін бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушы;

15) облигацияларды өтеу - эмитенттің облигациялар шығару проспектісінде белгіленген тәртіппен купондық сыйақы мөлшерлемесі субсидияланатын орналастырылған облигацияларды сыйақысы мен номиналды құнын төлеу жолымен (кейіннен сату мақсатынсыз) айналыстан алып қою бойынша іс-қимылы;

16) облигациялар ұстаушы - бағалы қағаз ұстаушылар тізілімі жүйесінде немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген, купондық сыйақы мөлшерлемесі субсидияланатын облигациялар бойынша құқықтары бар тұлға;

17) орталық депозитарий - «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының [заңында](#) көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыратын мамандандырылған коммерциялық емес акционерлік қоғам;

18) сыйақы мөлшерлемесі - облигацияны орналастыру нәтижесінде эмитент алған ақшаны қолданғаны үшін облигация ұстаушыға жүйелі түрде төленуі тиіс, облигацияларды шығару проспектісінде белгіленген, пайызбен көрсетілетін сыйақы мөлшері;

19) сыртқы бағалау («жасыл» облигация шығару арқылы қаржыландырылатын жоба бойынша) - «жасыл» жобаның «жасыл» таксономияда көзделген шекті мәндердің сақталуы бөлігінде «жасыл» таксономия жобаларының кіші секторларына сәйкестігін тексеруді қоса алғанда, «жасыл» облигациялардың Капитал нарықтары халықаралық қауымдастығының және АХҚО қор биржасының «жасыл» облигацияларды шығару жөніндегі актісіне сәйкес басқа да танылған стандарттардың «жасыл» облигациялар қағидаттарының негізгі элементтеріне сәйкестігін бағалау рәсімі;

20) сыртқы бағалау провайдері - тиісті қорытынды дайындай отырып, «жасыл» облигация шығару арқылы қаржыландырылатын іске асырылуы көзделген немесе іске асырылып жатқан «жасыл» жоба бойынша тәуелсіз бағалауды жүзеге асыратын ұйым;

21) уәкілетті орган - кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган;

22) эмитент - купондық сыйақы мөлшерлемесі субсидияланатын облигацияларды шығаруды жүзеге асыратын кәсіпкер.

2. Шарттың мәні

2. Осы Шарттың талабы бойынша қаржы агентігі «Қазақстан қор биржасы» АҚ алынған облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды мынадай шарттарда жүзеге асырады:

Шарт	Облигациялық бағдарлама шеңберінде мемлекеттік емес облигацияларды шығару проспектісі 2025 жылғы 10 қаңтардағы
Нысаналы мақсаты	– Инвестициялар; Осы шығарылымның облигацияларын орналастырудан түскен қаражатты автобус паркін кеңейтуге, атап айтқанда 25 көлік бірлігін сатып алуға бағыттау жоспарлануда
Осы Шартты жасасу күніндегі сомасы	1 000 000 000 (бір миллиард)
Валютасы	теңге
Сыйақы мөлшерлемесі	жылдығы 20,25% (жиырма бүтін жүзден жиырма бес) пайыз
Сыйақы сомасы	606 937 500 (алты жүз алты миллион тоғыз жүз отыз жеті мың бес жүз) теңге
Мерзімі	36 (отыз алты) ай

3. Субсидиялау Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларына сәйкес жергілікті бюджет және республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

4. Эмитент сатып алған облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі субсидияланбайды.

5. Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігі жылдығы 20,25% (жиырма бүтін жүзден жиырма бес) пайыз көлемінде субсидияланады, бұл ретте мөлшерлеменің бір бөлігін жылдығы 14,25% (он төрт бүтін жүзден жиырма бес) пайыз көлемінде қаржы агенттігі өтейді.

6. Субсидиялау мерзімінің басталуы: 30.01.2025жыл.

7. Қаржы агенттігі осы Шартқа қол қойылғаннан және эмитент:

1) бағалы қағаздар нарығын реттеу жөніндегі уәкілетті орган тіркеген облигациялар шығарылымы проспектің;

2) қор биржасының/АХҚО қор биржасының эмитенттің облигацияларын биржаның (листинг) ресми тізіміне енгізу туралы хабарламасын;

3) эмитент пен орталық депозитарий/АХҚО қор биржасының орталық депозитарий арасында төлем агенті қызметтерін көрсетуге шарт жасалғаны туралы хабарламаны;

4) орталық депозитарийдің/АХҚО қор биржасының орталық депозитарийінің есепке алу жүйесінен облигацияларды орналастыру нәтижелері туралы үзінді көшірмені немесе есепті ұсынғаннан кейін субсидиялар төлейді.

8. Эмитент Орталық депозитарийдің қағидалар жиынтығына сәйкес купондық сыйақының толық сомасын Орталық депозитарийдің шотына осы Шартқа [қосымшаға](#) (бұдан әрі - Қосымша) сәйкес нысан бойынша Шартқа өтеу кестесіне сәйкес сыйақыны төлеу тізілімін бекіту күні аударарды.

9. Субсидиялауға көзделген қаражатты аударуды қаржы агенттігі Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларына сәйкес орталық депозитарийдің/АХҚО қор биржасының орталық депозитарийінің хабарламасы, ақпараты және анықтамасы негізінде субсидиялау бойынша бюджет қаражаты болған жағдайда 10 (он) жұмыс күні ішінде қаражатты эмитенттің банктегі ағымдағы шотына аудару жолымен жүзеге асырады.

10. Тараптар осы Шарт шеңберінде төлем күні демалыс күніне немесе мейрам күніне түсетін болса, төлем содан кейінгі жұмыс күнінде жүргізіледі деп келісті.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11. Қаржы агенттігі:

1) Осы Шарттың 9-тармағына сәйкес купондық сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау үшін көзделген қаражатты эмитенттің ағымдағы шотына уақытылы аударуға;

2) мынадай:

субсидиялау жүзеге асырылатан облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты мақсатты пайдаланбау;

жобаның және (немесе) эмитенттің Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының шарттарына сәйкессіздігі;

эмитенттің облигациялар бойынша купондық сыйақының субсидияланбайтын бөлігін төлеу міндеттемесін орындамау фактілері анықталған жағдайда субсидиялауды тоқтатуға;

3) уәкілетті органға есеп беру мақсатында облигациялар бойынша купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бөлігінде Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының іске асырылуын мониторингтеуді жүзеге асыруға;

4) облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты мақсатты пайдаланбау және (немесе) эмитент жобасының Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының шарттарына сәйкес келмеу фактілері анықталған жағдайда, эмитенттің төленген сыйақы сомасын өтеуін, оның ішінде сот тәртібінде өтеуін қамтамасыз ету шараларын қабылдауға міндетті.

12. Қаржы агентігі:

1) өңірлік үйлестірушіден қаражатты алмаған жағдайда субсидияларды аудармауға;

2) қаражатты мақсатты пайдалануы тұрғысында эмитентке тексерулер жүргізуге құқылы. Эмитенттен облигацияларды орналастырудан түскен қаражаттың мақсатты пайдаланылуын растайтын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге;

3) орталық депозитарийден/АХҚО қор биржасының орталық депозитарийінен эмитент туралы, сондай-ақ Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары шеңберінде қатысатын облигацияларды орналастыру туралы құжаттар мен ақпаратты сұратуға және алуға;

4) эмитентті алдын ала жазбаша хабардар ете отырып, жобаның және (немесе) эмитенттің Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының шарттарына сәйкестігіне мониторингті, субсидиялау жүзеге асырылатын қаражаттың мақсатты пайдаланылуына жарты жылда кемінде 1 (бір) рет мониторингті жүзеге асыруға;

5) есеп қалыптастыру мақсатында осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларын іске асыру шеңберінде эмитенттен қызметінің нәтижелері туралы қажетті мәліметтерді қосымша сұратуға;

6) Тараптар үшін көзделген осы Шартта белгіленген эмитент міндеттемелерінің орындалу мерзімінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және эмитенттің оларды уактылы орындауын талап етуге;

7) осы Шартты жүзеге асыру шеңберінде эмитенттен алынған эмитент туралы ақпаратты жарнамалау науқанын өткізу кезінде, қаржы агенттігінің ресми сайтында ақпаратты жариялау кезінде пайдалануға, сондай-ақ оны эмитенттен алынған жазбаша келісімімен үшінші тұлғаларға беруге;

8) Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары 43-тармағының 4) тармақшасында көзделген жағдайларда осы Шартты мерзімінен бұрын бір жақты соттан тыс тәртіппен бұзуға;

9) мынадай:

субсидиялау жүзеге асырылатын облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты мақсатты пайдаланбау;

жобаның және (немесе) эмитенттің Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының талаптарына сәйкес келмеуі;

эмитенттің облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу жөніндегі міндеттемелерін орындамауы;

эмитенттің шоттарындағы ақшаға тыйым салу (талап қою талаптарын толық көлемде қамтамасыз ететін шоттағы ақша жеткілікті болған жағдайда, талап қоюды қамтамасыз ету жөніндегі шаралар ретінде шоттардағы ақшаға тыйым салуды қоспағанда) және/немесе эмитенттің шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

эмитенттің салық декларациясының деректері, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары және(немесе) әлеуметтік аударымдар бойынша деректер негізінде қаржы агенттігінің уәкілетті органы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін 10 %-ға жұмыс орындарының орташа жылдық санын ұлғайту жөніндегі, еңбекке ақы төлеу қорының көлемін ұлғайту жөніндегі немесе табыстың өсуіне қол жеткізу жөніндегі (өткізуден түсетін кіріс: өткізілген тауарлардың, жұмыстардың, негізгі қызметтен көрсетілетін қызметтердің құны) немесе бюджетке төленетін салықтар (корпоративтік табыс салығы/жеке табыс салығы) көлемінің өсуі бойынша міндеттемелерді орындамауы;

жобаны субсидиялау басталғаннан бастап 2 (екі) жыл өткен соң эмитент ұсынатын сыртқы бағалау провайдерінің қорытындысы негізінде, егер осы шекті өлшемшарттарда:

1) энергия тұтынуды төмендетудің нақты ең төменгі мәндері;

2) парниктік газдар шығарындыларының ең төменгі деңгейлері;

3) қалдықтардың үлесін азайту/кәдеге жарату;

4) су тұтынуды төмендету;

5) ең озық қолжетімді технологиялар анықтамалықтарының талаптарына сәйкестігі (шектеі өлшемшартта көрсетілген бөлігінде) көзделетін болса, эмитенттің «жасыл» облигациялар бойынша

белгіленген «жасыл» облигациялар бойынша мәлімделген «жасыл» таксономияның шекті критерийлеріне қол жеткізбеу фактілерін анықтау негізінде субсидиялауды тоқтатуға құқылы.

13. Эмитент:

1) Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға;
2) өтеу кестесіне сәйкес купондық сыйақының толық сомасын орталық депозитарийге/АХҚО қор биржасының орталық депозитарийіне шотқа уақтылы аударуға;

3) қаржы агенттігіне жазбаша сұрау салу бойынша облигацияларды орналастырудан түскен қаражаттың мақсатты пайдаланылуына, жобаны жүзеге асыру аумағында жобаның және (немесе) эмитенттің Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу құқығын беруге;

4) қаржы агенттігінің жазбаша сұрау салуы бойынша Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидалары мен осы Шартты талаптарын орындаумен байланысты құжаттар мен ақпаратты беруге;

5) Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарттың талаптары мен іске асырылуы туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға ашпауға және бермеуге;

6) осы мемлекеттік қолдау көрсетілетін қызмет түрлерінде айырмашылықтар болған жағдайда, осы Шарт жасасқан күннен бастап отыз жұмыс күні ішінде статистика органдарында тиісті ЭҚЖЖ қойғызып алуға және өңірлік үйлестірушіні/қаржы агенттігін хабардар етуге;

7) қаржы агенттігі төлеген, оның ішінде облигацияларды орналастырудан түскен қаражатты мақсатты пайдаланбау және (немесе) жобаның Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының талаптарына сай болмау фактілері анықталған кезде, сот шешімі бойынша сыйақы сомасын қайтаруды қамтамасыз етуге;

8) «жасыл» облигацияларға қатысты жобаны субсидиялау басталғаннан бастап 2 (екі) жыл өткен соң эмитенттің жоба бойынша мәлімделген «жасыл» таксономияның шекті критерийлеріне қол жеткізуіне тиісті тәуелсіз бағалау не энергия аудиттер жүргізілуін қамтамасыз етуге, оның нәтижелері бойынша қорытындыны эмитент қаржы агенттігіне ұсынуға міндетті. Эмитенттің жоба бойынша мәлімделген «жасыл» таксономияның шекті критерийлерінің орындалуына сыртқы тексерулерді жобаның «жасыл» таксономияның шекті критерийлеріне сәйкестігі туралы бастапқы қорытындыны берген бағалау провайдерлері жүргізе алады.

14. Эмитент:

1) купондық сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігіне қаржы агенттігінен субсидия төлеуді талап етуге құқылы.

4. Шарттың қолданылу мерзімі

15. Осы шарт Тараптардың қолы қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 2028 жылғы 29 қаңтарды қоса алғанда орындалмаған міндеттемелер бөлігінде - олар толығымен орындалғанға дейін қолданыста болады.

16. Купондық сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау қағидаларының 43-тармағы 4) тармақшасында көзделген жағдайларда осы Шартты қаржы агенттігі біржақты тәртіпте бұзуға құқылы.

5. Жауапкершілік

17. Осы Шартқа және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес осы Шарт бойынша Тараптар осы Шарттан туындайтын міндеттерді орындамағаны және (немесе) тиісті түрде орындамағаны үшін жауапты болады.

6. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

18. Егер орындаудың мүмкін еместігі еңсерілмейтін, яғни төтенше және алдын алу мүмкін емес жағдайлардың (апаттық жағдайлар, соғыс және т.б.) салдарынан болса, Тараптар осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

19. Еңсерілмейтін, яғни төтенше және алдын алу мүмкін емес мән-жайлар туындаған жағдайда осы Шарт бойынша өз міндеттерін орындау мүмкін емес болған Тарап алдын алу мүмкін емес мән-жайлар орын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде мұндай мән-жайлар туралы екінші Тарапқа уақтылы хабарлайды. Бұл ретте форс-мажор мән-жайларының сипаты, кезеңі мен басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталады.

20. Уақтылы хабарлау болмаған жағдайда, Тарап хабарламау немесе уақтылы хабарламау салдарынан келтірілген зиянды екінші Тарапқа өтейді.

21. Еңсерілмейтін, яғни төтенше және алдын алу мүмкін емес мән-жайлардың орын алуы осы Шартты орындау мерзімін олардың кезеңіне ұзартуға әкеп соқтырады.

22. Егер мұндай мән-жайлар қатарынан 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда кез келген Тарап осы Шарт бойынша міндеттерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

7. Дауларды шешу

23. Осы Шартты орындауға байланысты қандай да бір дау туындаған жағдайда, кез келген Тарап келіссөздер жолымен барлық дауларды реттеу үшін күш салады.

24. Егер туындаған дау келіссөздер жолымен шешілмесе, бұл дау және оған қатысты басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешілуі және реттелуі тиіс.

8. Құпиялылық

25. Осымен Тараптар Осы Шарттың талаптарына қатысты ақпаратты, банк құпиясын, сондай-ақ осы Шартты жасасу мен орындау барысында алынған қаржылық, коммерциялық және өзге де ақпарат құпия болып табылатынына және осы Шарт пен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге жаптайтынына келісті.

26. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының азаматтық және кәсіпкерлік заңнамасында тікелей көзделген жағдайларда Тарапқа құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге, жариялауға немесе басқа да түрде ашуға мүмкін болады.

27. Тараптар осы Шарттың болуын және талаптарының құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды тұлғалары мен жұмыскерлеріне осы Шартты іске асыру барысында алынған мәліметтерді үшінші тұлғаларға ашуға немесе беруге тыйым салынады.

28. Егер Тараптардың кез келгені осы Шарттың талаптарын бұза отырып құпия ақпаратты ашса немесе жарияласа, кінәлі Тарап Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жауапкершілікті көтереді.

29. Эмитент осы Шартқа қол қоя отырып, қаржы агенттігіне эмитент туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға, сондай-ақ осы Шарт шеңберінде эмитент туралы алынған мәліметті (оның ішінде банктік құпияны) үшінші тұлғаларға эмитенттің алдын ала жазбаша келісімінсіз жариялауға келісім береді.

9. Қорытынды ережелер

30. Эмитент осы Шартқа қол қою арқылы қаржы агенттігіне:

1) қаржы агенттігінің субсидиялау жүзеге асырылатын осы Шарт шеңберінде алынған ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде коммерциялық құпияны мүдделі үшінші тұлғаларға беруіне;

2) қаржы агенттігінің эмитенттің атауын, жоба іске асырылатын өңірдің атауын, эмитент жобасының, сондай-ақ саланың атауы мен сипаттамасын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауына келісімін береді.

31. Эмитент қаржы агенттігіне төмендегіні:

1) осы Шартта берілген мәлімдемелер мен кепілдердің шын және ақиқатқа сәйкес екенін растайды;

2) Қаржы агенттігі көрсетілген растаулар мен кепілдіктердің шынайылығын тексеруге міндетті еместігіне;

Тараптардың уәкілетті өкілдерді қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана Тараптар үшін жарамды және міндетті болып табылады.

33. Осы Шарт мемлекеттік және орыс тілінде әрқайсысы тең заңды күшке ие 2 (екі) бірдей данада: Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілінде 1 (бір) данадан жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында сәйкессіздіктер туындаған жағдайда, орыс тіліндегі шарт мәтіні басшылыққа алынады.

34. Осы Шартта қарастырылмаған барлық өзге жағдайда Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын басшылыққа алады.

10. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолы

Қаржы агенттігі

«Даму» кәсіпкерлік дамыту қоры» Акционерлік қоғамы

мөрдін орны

Қазақстан Республикасы

Алматы қаласы

Гоголь көшесі, 111

BSN 970840000277

ЖСК KZ42070F000001F00001

ЖСК KZ20070F000001F00300

BSK KKMFKZ2A

KBE KBE15

РМУ «Комитет

Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті

ҚР «Қазақстан



Эмитент

«Скулбас» ЖШС

мөрдін орны

Қазақстан Республикасы

Астана қаласы

Қошқарбаева көшесі 2, 1310

пәтер

BSN 131240008883

ЖСК KZ48998BTVB0000267427

BSK TSESKZKA

KBE 17

«Жусан Банк» АҚ

Субсидиялау шартына өтеу кестесі Сәйкестендіру коды
(IBAN форматындағы бірегей 20 таңбалы код)

Сыйақыны өтеу күні	Эмитент төлейтін сыйақы сомасы	Есептелген сыйақының жиынтық сомасы
29.04.2025	14 833 333,34	50 062 500,00
29.07.2025	15 000 000,00	50 625 000,00
29.10.2025	15 000 000,00	50 625 000,00
29.01.2026	15 000 000,00	50 625 000,00
29.04.2026	15 000 000,00	50 625 000,00
29.07.2026	15 000 000,00	50 625 000,00
29.10.2026	15 000 000,00	50 625 000,00
29.01.2027	15 000 000,00	50 625 000,00
29.04.2027	15 000 000,00	50 625 000,00
29.07.2027	15 000 000,00	50 625 000,00
29.10.2027	15 000 000,00	50 625 000,00
29.01.2028	15 000 000,00	50 625 000,00
Итого	179 833 333,34	606 937 500,00

Қаржы агенттігі өтейтін сыйақы сомасы: 427 104 166,66 (төрт жүз жиырма жеті миллион жүз төрт мың бір жүз алпыс алты) теңге 66 тиын.

Қаржы агенттігі
«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» Акционерлік қоғамы

мөрдiң орны
Қазақстан Республикасы
Алматы қаласы
Гоголь көшесі, 111
БСН 970840000277
ЖСК KZ42070F000001F00001
ЖСК KZ20070F000001F00300
БСК KKMFKZ2A
КВЕ KBE15
РМУ «Комитет
Қаржы министрлігінің Қазынашылық департаменті
ҚР «Қазақстан



Эмитент
«Скулбас» ЖШС
мөрдiң орны
Қазақстан Республикасы
Астана қаласы
Қошқарбаева көшесі 2, 1310
пәтер
БСН 131240008883
ЖСК KZ48998BTV0000267427
БСК TSESKZKA
КВЕ 17
«Жусан Банк» АҚ

Договор субсидирования ставки купонного вознаграждения по облигациям, выпущенным субъектами предпринимательства в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021-2025 года № 1

г. Астана

«01» апреля 2025 г.

Акционерное общество «Фонд развития предпринимательства «Даму» в лице директора в лице Директора Регионального филиала АО «Фонд развития предпринимательства «Даму» по городу Астана Назарюк Светланы Викторовны, действующего на основании Доверенности № 251 от 27.12.2024 года, именуемое в дальнейшем «финансовое агентство», с одной стороны, и

Товарищество с ограниченной ответственностью «Скулбас», юридическое лицо, зарегистрированное и осуществляющее свою деятельность в соответствии с законодательством Республики Казахстан в лице генерального директора Ни Альберта Вячеславовича, действующего на основании устава, именуемый в дальнейшем «эмитент», с другой стороны, совместно именуемые «Стороны», а по отдельности «Сторона» либо как указано выше, заключили настоящий договор субсидирования ставки купонного вознаграждения по облигациям, выпущенным субъектами предпринимательства в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 - 2025 годы (далее - Договор) в соответствии с:

Национальным проектом по развитию предпринимательства на 2021 - 2025 годы, утвержденной постановлением Правительства Республики Казахстан от 12 октября 2021 года № 728 (далее - Национальный проект);

Правилами субсидирования ставки купонного вознаграждения по облигациям, выпущенным субъектами предпринимательства в рамках национального проекта по развитию предпринимательства на 2021 - 2025 годы, утвержденными постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 декабря 2019 года № 1060 (далее - Правила субсидирования ставки купонного вознаграждения);

протоколом № 219710 от 13.12.2024 года заседания уполномоченного органа финансового агентства.

1. Термины и определения

1. В настоящем Договоре используются следующие основные термины и определения:

